

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ  
ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

**Құрметті талапкер!**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті оқуға түсуші ұлты қазақ шетелдік азаматтар арасында «Мен таңдаған мамандық» тақырыбында онлайн эссе байқауын өткізеді.

**Байқаудың өткізілу тәртібі келесі кезеңдер бойынша жүзеге асады:**

I.	Байқауға қатысушылардан өтінімдер мен эссе материалдарын қабылдау	01-10 тамыз, 2022 жыл
II.	Материалдарды сараптау және жеңімпаздарды анықтау	11-12 тамыз, 2022 жыл
III.	Байқау жеңімпаздарын жариялау.	15 тамыз, 2022 жыл

Байқауға қатысушыларға «Мен таңдаған мамандық» тақырыбында эссе жазу ұсынылады.

Эссе жазу барысында эссе жанрының ерекшеліктері мен оған қойылатын талаптар орындалуы тиіс:

- таңдалған тақырыпқа сәйкестігі – 10 ұпай
- эссе жанрына қойылатын талаптарды сақтауы – 10 ұпай
- эсеге өзекті мәселені арқау етуі – 10 ұпай
- оқушының өзіндік көзқарасы – 10 ұпай
- ішкі мазмұнның бірлігі – 10 ұпай

Жіберілген материалдарды сараптауды арнайы құрылған комиссия жүзеге асырады.

Іріктеуден өткен материалдар мен жеңімпаздар Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ресми сайтында жарияланатын болады ([www.korkyt.edu.kz](http://www.korkyt.edu.kz)).

**Ескерту:** Ғаламтордан көшірілген материалдар қарастырылмайды. Эссе көлемі 200 сөзден кем болмауы құпталады. Әр автордың шығармасы компьютермен Times New Roman қарпімен, 1.0 интервалымен, 14-кегльмен терілуі керек.

**Қорытындылау және қатысушыларды марапаттау:**

Байқау қорытындысы бойынша жүлдегерлер Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «**Білім грантын**» иеленеді. «Білім гранты» 1-ші оқу жылына беріледі, кейінгі оқу жылдарына үлгерімі «Өте жақсы» (А,А-),«Жақсы» (В+,В,В-,С+) болған жағдайда жалғасады.

Байқауға қатысу үшін үміткер [recruiting.qorqyt@gmail.com](mailto:recruiting.qorqyt@gmail.com) электронды поштасына 2022 жылдың 10 тамызына дейін **өтінім** (*Қосымша 1*) мен **эссе материалын** (*Қосымша 2*) жіберуі тиіс.

Қабылдау комиссиясының мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы №15 (бұрынғы Абай даңғылы №66) Қорқыт Ата атындағы ҚУ-ның 5 оқу ғимараты.

Байланыс телефондары: Смайл Насихат + 7 776 113 50 11,  
+7 7242 23 53 92.

Ұйымдастыру комитеті

## Өтінім формасы

1	Талапкердің толық аты-жөні:	
2	Тұрғылықты мекен-жайы:	
3	Бітірген оқу орнының атауы мен мекен-жайы:	
4	Талапкердің Қорқыт Ата университетінде білім алғысы келетін мамандығы:	
5	Байланыс телефондары Талапкер: Анасы: Әкесі:	
6	Электронды поштасы:	

7. Жеке басын растайтын тәлқұжаттың (паспорт) электронды нұсқасы;
8. Талапкердің электронды суреті;
9. Білім беру ұйымын бітіргендігін растайтын аттестат немесе дипломның электронды көшірмелерін өтініммен бірге [recruiting.qorqyt@gmail.com](mailto:recruiting.qorqyt@gmail.com) поштасына жіберу керек.

*Эссе*  
*«Мен таңдаған мамандық»*